

№8 Дәріс Жасанды кеуекті бетон толтырғыштары.

Дәріс жоспары:

1. Жасанды кеуекті бетон толтырғыштары
2. Жасанды кеуекті бетон толтырғыштарының негізгі қасиеттері.

Бастапқы шикізатты өртеу барысында органикалық қосындылардың және қоспалардың жануының арқасында пайда болған газдардың , будың балқытаылған массада сыртыңа шығуға ұмтылуынан немесе т.б. процесстер нәтижесінде, минералдық масса көптірілген болып қалады. Минералдық массаның едәуір бөлігі өртегенде, газтәрізді өнімдерін ұстап тұратындай белгілі қоюлықтағы балқымаға көшеді.

Жасанды кеуекті толтырғыштарды алудың технологиялық процессі бастапқы шикізатты даярлау, оны термиялық өңдеу, ұсату және сорттау операцияларынан тұрады.

Жеңіл бетондарда барынша кең қолданылатын 10 – 20мм фр- лық ірітолтырғыш және 5 – 10; 20 – 40мм фракциялары да қолданылуы мүмкін.

Толтырғыштың пішін коэффициенті - ең үлкен түйіршік мөлшерінің ең кіші мөлшеріне қатынасы бірге жақындаған сайын түйіршікаралық қуыстар көлемі де кішірейе береді.

Толтырғыштың су сіңіргіштігі , оның жалпы кеуектік шамасына да және кеуектік кеңістігінің құрылымына да байланысты болады. Түйіршік бетіндегі балқытылған қабықтың болуы , оның су сіңіргіштігін едәуір төмендетеді. Керамзиттік қиыршықтағы осындай қабықтың болуы арқасында керамзиттің сусіңіргіштігі ондай қабығы жоқ шағалмен салыстырғанда 2 есе кем.

Бақылау сұрақтары:

1. Жасанды кеуекті бетон толтырғыштарының негізгі қасиеттері қандай?
2. Жасанды кеуекті бетон толтырғыштарын өңдеуде қандай техникалық талаптар қойылған?

